

e-mail:  
aikyn\_nurmedia@mail.ru

№36 (2912) 11 НАУРЫЗ, 2016 ЖҰМА



4 870202 250048



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ  
ГАЗЕТ

www.aikyn.kz

# АИҚЫН

## апта

 [www.facebook.com/aikyn.kz](http://www.facebook.com/aikyn.kz)

 [www.twitter.com/aikyn\\_gazeti](http://www.twitter.com/aikyn_gazeti)

## АРМАНДАР АЛҒА ҰМТЫЛҒАН КЕЗДЕ ҒАНА ОРЫНДАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Ақтөбе облысына сапары барысында «Ақтөбе жылыжай» ЖШС жылыжай кешенінде болды.

Елбасы кешенді аралап, көкөніс өсіру технологиясымен танысты. Сондай-ақ Нұрсұлтан Назарбаевқа ауыл шаруашылығын дамытудың өңірдегі негізгі бағыттары, соның ішінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі кешенді шаралар туралы баяндалды. Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті облыстағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілермен әңгімелесті.

Нұрсұлтан Назарбаев ғылыми тәсілдерді қолданудың маңыздылығына айрықша назар аудара отырып, ауыл шаруашылығы саласының өнімділігін арттыру қажеттігін айтты.

Мемлекет басшысы планета хал-



жастар форумына қатысты. Форумға елдің барлық өңірінен үш мыңдай жастар өкілі қатысты. Іс-шара бары-

асында жас отбасыларға 3,5 мыңнан астам пәтер берілді. Бұл жұмыс әлі жалғасалы. 2017 жылдан бастап әрбір

САПАР

## МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫНЫҢ АҚШ-ҚА САПАРЫ БАСТАЛДЫ

Мемлекеттік хатшы Гүшара Әбдіқалықова БҰҰ Әйелдер ахуалы жөніндегі комиссиясының 60-сессиясына қатысу үшін Америка Құрама Штаттарына барды.

Г.Әбдіқалықова онда әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктері аясын

уақытта жайшылықта кез келген адам байқай бермейтін біраз жайға қанық болдым. Тек әскерилерге ғана тән нақтылық пен қатаң тәртіп тізгініне қатып қалмай, адам баласына аса қажет, сан алуан құнды қасиеттерді бойына сіңіре біліп, парасат-пайымының өте терең екенін таныта білген осы бір тәлімді азамат, тәжірибелі басшының көркем мінезіне тәнті болғанымды жасыра алмаймын.

1995 жылдан – Қазақстан Республикасы МТК ЭҚҚБ АМІ жөніндегі бөлімінің бастығы, 1996 жылдан – Талдықорған облысы бойынша ҰКСЖТББ Баскарма бастығының орынбасары. 1997 жылдан – Талдықорған қалалық ПБ бастығының тергеу жөніндегі орынбасары. 1999 жылдан – Алматы облыстық ПБ Алакөл ауданының ПБ бастығы. 2001 жылдан – Алматы облыстық ПБ Тергеу басқармасының бастығы,

құпиясы шаш етекпен келетін, күрделі де ауыр мамандыққа өзін жетекші ұстаз ретінде баулып, бейімдеген тәлімгерлері – Нұрлан Наурызбайұлы Қарабеков, Нұртай Мүткееұлы Мұзболақов секілді ішкі істер саласының ардагерлерін құрмет тұтатынын ерекше ықыласпен еске алды.

Иә, өмірінің әр белес, әр кезеңінде өзінің жүрек қалауымен таңдаған мамандығына адал Мұрат

Осы жылдар ішінде ІІІ дәрежелі «ІІМ-дегі үздік қызметі үшін» (1988), «Мінсіз қызметі үшін» (1991), «Ішкі істер органдарының ардагері» (2006), ІІ дәрежелі «Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін» (2007), «Астананың 10 жылдығы» (2008), «Ресей ІІМ Қылмыстық іздегіруіне 90 жыл» (2008) медальдарымен; «ҚР ІІМ Еңбек сіңірген қызметкері» (2004), «Қазақстан полициясына 15 жыл»

ететін, келер ұрпақ үлгі тұтып, өнеге алуға лайық Мұрат Жәлелұлы сынды қарапайым да кішіпейіл, адал тұлға ғана артына осындай ұлағатты із, тағылымды сокпақ, өнегелі еңбек жолын қалдырары анық.

Қарақоз СЕЙІТЖАНҚЫЗЫ,  
Көксу аудандық  
әкімдігінің тіл маманы,  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі

Талбесік

## ЖЫРЛАЙДЫ ЖАС ЖҮРЕК

Көктемнің алғышқы мерекелерінің бірі аналар мерекесіне орай Алматы хореографиялық А.Селезнев атындағы училищенің студенттері ардагер аналар мен ұстаздарға арнап кеш ұйымдастырды. Училище табалдырығын аттай беріп фольклорлық-этнографиялық ансамбльдің орындауында «Шалқыма» күйі ойнап тұр екен. Әсем күймен, көңілді сезіммен кешке келген ардагерлерді Алматы ауданы әкімі аппаратының қызметкерлері тағзым етіп, гүл шоқтарын ұсынып, қарсы алды. Келген қауым залға орналасып болған соң, кеш жүргізушісі «Серпер» жастар сыйлығының лауреаты Әділет Бапбаев армысыздар, ардақты аналар, мен ханымдар деп кешті көңілді күймен бастап кетті. Құрметтесек әйел қауымын құрметтейік, мақтасақ әйелді мақтайық! Әйел – ана! Әйел – пана! Әйел – дана! Әйел – ұстаз! Барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді булақ емес пе? Көктем табиғатымен жымдасқан жылылық, шексіз

мейірімділік, тірішілікке нұрын шашып, келешек ұрпаққа ажол, адал ниет нұсқап өмір себуші асқақ құдірет иесі, адам сәулетшісі – ұстаз ананы кастерлейік.

Кеште А.Селезнев атындағы училищенің талантты студенттері би билеп, ән шырқады. «Кербез», және «Тақиялы періште» фильміндегі «Ана туралы жыр» әнін Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының әншісі Венера Алпысбаева әуелетіп шырқады. Кеш соңында Алматы ауданы әкімінің аппараты мерекемен аналарды, ұстаздарды құттықтап, отбасыларына бақыт пен сәттілік, зор денсаулық, мәңгі жастық пен сұлулық тілеп тілектерін жеткізді. Кешке келген ардагерлер А.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінің директоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Қапиева Ая Жәкенқызына алғыстарын айтып, қуанышты көңілмен тарқасты.

Райхан СЫЗДЫҚОВА,  
Еңбек ардагері

Жөн екен!

## ҒЫЛЫМ – СТУДЕНТТІК ӨМІРДІҢ АЙЫРЫЛМАС БӨЛШЕГІ

Қай заманда болсын, адамзаттың алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі – саналы, білімді, мәдениетті ұрпақ тәрбиелеу екені анық. Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясын орындаудың бесжылдық кезеңді қамтитын маңызды міндеттерінің бірі ретінде – білім-ғылым салаларын дамыту қажеттілігін айтқан болатын. Прагматикалық стратегия құра отырып, қазақстандықтарға жаһандық технологиялық төңкерістің бөлшегіне айналу мақсатын қояды. Ол үшін инновациялық зерттеулер мен әзірлемелер дайындап, ауқымды халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу мүмкіндіктерінің бар екендігін баса айтқан. Сонымен қатар жоғары оқу орындары жалғыз білім беру саласымен шектеліп қана қоймай, қолданбалы және ғылыми зерттеу салаларын құрып, оны одан әрі

дамыту маңыздылығын атап кеткен.

Елбасымыздың қойған мақсаттарын алға қоя отырып, ЭЖБЖМ-нің «Есеп және аудит» кафедрасы студенттердің ғылыми жұмысымен айналысуына ерекше мән береді. Кафедрада студенттердің ғылымға деген қызығушылығын арттыру мақсатында үш үйірме жұмыс істейді: «Жас бухгалтер», «Жас талдаушы» және «Жас аудитор». Әр үйірменің жылдық жұмыс жоспарлары оқу жылының басында үйірме жетекшілерімен: Г.Жүнісова, Н.Товма және Ж.Купеновамен дайындалып, кафедра меңгерушісімен бекітіледі. Сол жоспарға сәйкес студенттермен ғылыми жұмыстары орындалады.

Студенттер I-курс бастап ғылыми жұмысқа белсене араласады. Бұл оларды тек ғылыми-

зерттеулер жүргізуге үйретіп қоймай, олардың болашақ мамандықтарында жоғары нәтижелерді көрсетуге мүмкіндік береді. Республикалық және халықаралық деңгейдегі конференцияларға және конкурстарға ғылыми жобаларын дайындап, жүлделі орындарға ие болуда. Үйірмелер аясында семинарлар, тренингтер, мастер-класстар, конференциялар мен дөңгелек үстелдер өткізіледі. Аталған іс-шараларға қатысу арқылы студенттер өздерін диплом жұмыстарын және болашақ диссертацияларын жазуға тәжірибе жинақтап, дайындайды.

Осындай ғылыммен айналысатын студенттеріміз көп болса екен деп үміттенеміз.

Г.ЖҮНИСОВА,  
Н.ТОВМА,  
К.ӘКІМБАЕВА

Бетті дайындаған Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ